

## «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту.

3. Форумның міндеттері:

1) өзінің өмірлік жолын, ізденіс қызметін жобалау жағдайында жүрген білім алушылардың қызығушылықтарын жандандыру;

2) кәсіби өзін-өзі анықтау сұрақтарында жоғары сыныптағылардың тиімді қоғамдық маңызды қызметін қолдау және дамыту;

3) көрнекті тұлғаларды анықтау және қолдау, кәсіби білім алуда шығармашылық қабілетті дамыту;

4) жасөспірімнің болашақ мамандық таңдауда отбасымен, мектеппен, шығармашылық ұжыммен және қоғаммен қарым-қатынастың инновациялық түрлерін дамыту;

5) білім алушылардың түрлі оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынас орнатуға және жұмыспен тәжірибе алмасуға ықпал ету.

4) Форумды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша бойынша **қашықтық форматында** өткізеді.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

### 2. Форумды өткізу мерзімі және орны

6. Форум **2022 жылғы 29-31 наурызда** ZOOM интернет-платформасында қашықтық форматында өткізіледі.

7. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған форумға қатысу туралы іліспе хат **2022 жылғы 10 наурызға дейін** gumcdo\_nto@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

8. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) Форумның облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдері жеңімпаздарының Форумға қатысуы туралы өтінімі, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналыстырылған видео материалдарға сілтеме.

### 3. Форумға қатысушылар

9. Форумға облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық форум кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Байқауға қатысушылардың жас мөлшері: **11-17 жас** (18 жасқа дейін).

10. Жалпы қатысушылардың саны – 170 адам (10 қатысушы).

11. Карантин кезінде Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.

### 4. Форумды өткізу тәртібі және шарты

12. Балаларды бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Форум;

аудандық (қалалық) Форум;

облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) Форум.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Форум.

13. Форумның бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

14. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1. «Осындай мамандық бар»** (3 қатысушы - 1 қазақ, 1 орыс, 1 ағылшын тілдерінде) – Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасында сұранысқа ие және қажетті мамандықтардың презентациялар байқауы.

Жұмыста ұсыналатын ақпарат:

- маманның, мамандық аталуының шығу тарихы;
- авторға осы мамандықтың (тақырыптың) қызықтыру себебі;
- мамандықтың мазмұны;
- осы мамандық бойынша атақты адамдар;
- мамандықтың оң және кері (жақсы – жаман) жақтары;
- осы мамандықтың адамдары қажет салалар;
- берілген тақырып бойынша қосымша ақпарат, пайдалы кеңестер, жеке зерттеу;
- пайдаланылған ақпарат көздері (кітаптар, сілтемелер).

Байқау материалдарына талаптар: слайдтың саны 8-ден артық емес; файлдың көлемі – 5 МБ-тан көп емес; PowerPoint форматы; презентацияны әуенмен сүйемелдеуге, суреттер қоюға болады; презентацияда бір стиль сақталуы қажет (түсі, қаріп – көлемі, сызылуы, туралауы). Бастапқы бетте автордың Т.А., сыныбы, жетекшісінің Т.А.Ә. көрсетілуі керек. Байқау материалдары gumcdo\_nto@mail.ru электрондық поштасына 2022 жылғы 10 наурызға дейін ұсынылады. Ереже талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

**Бағалау өлшемдері:**

*ақпараттың өзектілігі: (өзекті, өзекті емес, өзектілігі аз);*

*ақпаратты жобалау мен ұсынудағы шығармашылық көзқарас;*

*техникалық талаптарға сәйкестілігі;*

*таңдалған номинацияның тақырыбы мен мазмұнының сәйкестігі,*

*ақпараттың логикалық және дәйекті орналасуы;*

*тақырыпты ашу (мазмұнның толықтығы);*

*қатысушылардың өз пікірлерінің болуы;*

*слайдтар санының талаптарға сәйкестігі;*

*слайдтарда мәтіндік және графикалық ақпараттың мақсатқа сәйкестігі.*

**Номинация бойынша презентацияны қорғау - ZOOM платформасында онлайн форматта 2022 жылғы 29 наурыз күні жүргізіледі. Қорғау уақыты: 3-5 минут.**

**2. «Мамандықты таңдайтын уақыт»** – (3 қатысушы: 1 қазақ, 1 орыс, 1 ағылшын тілдерінде) - видеовлогтар байқауы (бейне әңгіме).

Влогқа қойылатын жалпы талаптар: форумға қатысуға болашақ тиімді мамандық таңдау бойынша тақырыпты ашуға бағытталған видео роликтер қабылданады. Еркін таратылатын кітапханалардан футаждарды (footage) музыка саундтрегі ретінде, сондай-ақ өзі шығарған музыкасын пайдалануға болады. ҚР заңнамасын қандай да бір тәсілмен бұзатын экстремизмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті, ұлтшылдықты, алкогольді, темекі шегуді, есірткіні пайдалануды насихаттайтын роликтерге жол берілмейді. Ереже талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

**Видеороликке қойылатын техникалық талаптар:**

роликтің ұзақтығы: 5 минутқа дейін;

кадр тараптардың қатынасы: 16:9;

стандартты ажыратымдылығы: HD, Full HD;

форматы: МП4.

Қашықтық форматында [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында 5 минуттық влогқа сілтеме [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына **2022 жылғы 10 наурызға дейін** ұсынылады.

**Бағалау өлшемдері:**

*роликтің көрсетілген тақырыпқа сәйкестігі;*

*мазмұны (кемінде 3 мамандық аталуы көрсетілуі тиіс);*

*техникалық іске асыру: видео түсірілім сапасы;*

*материалды беру мәнерлілігі (мәнерлілік құралдар: графика, анимация, видео және аудио эффектілері);*

видео ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау (5 минуттан аспайды).

білікті мамандармен видео сұхбат форматын сақтау: видеода сұрақтарға жауап беретін кем дегенде бір ересек адам болуы тиіс.

**3. «Менің кәсібім - менің бизнесім»** (қатысу жасы: 14-18), (2 қатысушы, 1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде) бизнес-жоспардың жобасын қорғау байқауы.

**Қорғауда қойылатын жалпы талаптар:** слайд 10 беттен артық емес, файлдың өлшемі – 8 МБ, бизнес-жоспардың бастапқы бетінде облыс, оқу орнының аталуы, жобаның тақырыбы, өз аты-жөні, сыныбы, жетекшінің аты-жөні, тегі көрсетілуі керек.

Презентация бір стильде жасалуы қажет (түсі, қаріп – көлемі, сызылуы, туралауы). Ереже талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

**Бизнес жоспардың құрамы мен құрылымы:** мақсаты, жобаның міндеттері, сипаттамасы, өзектілігі, жоба стратегиясы (іске асырылу мерзімі), маркетинг, өндіріс, қаржылық жоспары, қауіп-қатерді бағалауы.

Жобаны қорғау (сөйлеу шеберлігі мен мәнері, регламент сақталы, ақпаратты меңгеруі, юридің сұрақтарына жауаптары).

**Бағалау өлшемдері:**

*бизнес-идеяның толықтығы, ашылуы;*

*жобаның елдің заманауи экономикалық дамуы үшін өзектілігі;*

*ұсынылған ақпараттың құрылымдылығы мен дәйектілігі;*

*жоспарды ойластыруы, тәуекелділікті ескеруі;*

*безендіру сапасы мен көрнекілігі.*

Байқау материалдары [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына **2022 жылғы 10 наурызға дейін** ұсынылады.

**Номинация бойынша презентацияны қорғау - ZOOM платформасында онлайн форматта 2022 жылғы 29 наурыз күні жүргізіледі. Қорғау уақыты 3-5 минут.**

**4. «Мамандық кеше, бүгін, ертең» - вайндар байқауы** (2 қатысушы – 1 қазақ, 1 - орыс тілдерінде). Байқауға нақты мамандық бойынша әлеуметтік желілерге арналған ойын-сауық видеоконтенті - вайн (бейнеэңгіме) ұсынылады.

Бұл номинация мамандықты бағалауда әр түрлі көзқарастың болуын, зерттеу дағдыларын: бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларды талдау, сауалнама жүргізу, сұрау, сұхбат жүргізу және т.б. қолдануды көздейді.

Вайнға қойылатын жалпы талаптар: форум тақырыбына сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) оқыту және ойын-сауық сипатындағы вайндар – видеороликтер Форумға ұсынылады. Байқауға басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімін қорлайтын, конкурс тақырыбына сәйкес емес жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

**Видеороликке қойылатын талаптар:**

видеоформаты: MPEG4;

видеороликтің ең аз ажыратымдылығы – 720;

видеороликтің ұзақтығы – 3-5 минутқа дейін;

видеороликтер автордың аты бар ақпараттық бастамалармен ресімделуі тиіс (видеороликтің аталуы, жалпы видеороликтің ұзақтығы);

қатысушының қалауы бойынша видеороликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану;

қатысушылар видеоролик жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, видеоклип, мультфильм және т. б.);

роликте фотосуреттер пайдаланылуы мүмкін.

**Ереже талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.**

**Бағалау өлшемдері:**

*жұмыстың мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;*

*видеороликтің шығармашылдығы (идеяның жаңашылдығы, ерекшелігі, ойлау икемділігі);*

*ақпараттылығы;*

*видео жазба сапасы;*

*арнайы құралдарды иелену деңгейі;*

*жұмыстың эстетикасы.*

Қашықтық форматында [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында 3-5 минуттық вайнға сілтеме сонымен қатар мәтінге сипаттама [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru) электронды поштасына **2022 жылғы 10 наурызға** дейін ұсынылады.

15. Әр делегация үшін шығармашылық және зерттеу жұмыстарын номинациялар бойынша орындау міндетті шарт болып табылады. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобаны ұсынады.

**Карантин кезінде Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.**

16. Қашықтық форматында Форумның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2022 жылғы 8 сәуірде** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

17. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

#### **5. Форум қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

18. Кәсіби әділ қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Форумның бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Әділ қазылар алқасының шешімі нақты және хаттамамен ресімделеді.

19. Форумның қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Форумға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізу қызметі арқылы тапсыру туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru) электронды поштасы арқылы кері жібереді.

20. Дипломдар, алғыс хаттар және қатысушылар сертификаттарының электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8(7172) 64-27-22.

1-қосымша

**«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумына қатысуға өтінім**

Номинация	Жұмыстың аталуы	Жұмысқа сілтеме	Қатысушының Т.А.	Туған жылы, сыныбы	Қатысушының тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны	Білім беру ұйымы	Жоба жетекшісінің Т.А.Ә., тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны
Осындай мамандық бар							
Мамандық таңдайтын уақыт							
Менің кәсібім - менің бизнесім							
«Мамандық кеше, бүгін, ертең»							

**Топ жетекшісі:** (Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны)  
\_\_\_\_\_ облысы

## Правила проведения Республиканского форума «Открываем мир профессий»

### 1. Общие положения

1. Настоящие Правила проведения Республиканского форума «Открываем мир профессий» (далее – Форум) определяют цель, задачи, формат и порядок проведения.

2. Цель Форума: активизация творческого подхода к изучению профессий обучающимися для удачного выбора будущей профессии, востребованной и необходимой на рынке труда, в экономике будущего Казахстана, вовлечение обучающихся и педагогов в совместную общественно-значимую профориентационную деятельность.

3. Задачи Форума:

1) активизация интереса обучающихся, находящихся в ситуации проектирования своего жизненного пути, поисковой деятельности;

2) поддержка и развитие полезной общественно-значимой деятельности старшеклассников в вопросах профессионального самоопределения;

3) выявление и поддержка ярких индивидуальностей, развитие творческих способностей в получении профессионального образования;

4) развитие инновационных форм взаимодействия подростка с семьёй, школой, творческим коллективом и общественностью в выборе будущей профессии;

5) создание условий для установления творческих контактов и обмена опытом между обучающимися с различными организациями образования.

4. Форум проводится в дистанционном формате Республиканским учебно-методическим центром дополнительного образования по заданию Министерства образования и науки Республики Казахстан.

5. Организаторы Форума формируют состав организационного комитета и состав жюри, осуществляет непосредственное проведение, анализирует и обобщает результаты.

### 2. Сроки и порядок проведения Форума

6. Форум проводится в дистанционном формате **29-31 марта 2022 года** на интернет-платформе ZOOM.

7. Управления образования областей, городов Нур-Султан, Алматы и Шымкента направляют сопроводительное письмо и конкурсные работы до **10 марта 2022 года** на электронную почту: gumcdo\_nto@mail.ru.

8. К письму прилагаются копии:

1) заявка на участие победителей областного, городского (Нур-Султан, Алматы и Шымкент) этапов Форума в Республиканском Форуме, сведения об участниках (Ф.И.О., год рождения, класс, место учебы, домашний адрес и адрес организации образования, телефон);

2) документов, удостоверяющих личность участников;

3) ссылка на видеоматериал, размещенный на канале [www.youtube.com](http://www.youtube.com).

### 3. Участники Форума

9. В Форуме принимают участие победители областных, городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент этапов – обучающиеся организаций общего среднего, дополнительного и профессионально-технического образования республики.

Возраст участников: **11-17 лет** (до 18 лет).

10. Общее количество участников – 170 человек (10 обучающихся).

11. Региональные этапы Форума во время карантина проводятся с соблюдением норм санитарно-эпидемиологической безопасности, режима дезинфекции, кварцевания, проветривания, не допуская массового скопления людей, или дистанционно.

#### **4. Условия и порядок проведения Форума**

12. Для увеличения охвата детей дополнительным образованием через участие в мероприятиях Форум проводится в два этапа:

1) первый этап (отборочный) - региональный:

внутришкольный Форум;

районный (городской) Форум;

областной, городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент Форум.

2) второй этап (заключительный) – республиканский Форум.

13. Сроки проведения первого (отборочного) этапа Форума определяются приказами руководителей районных (городских) отделов и управлений образования областей, городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент.

14. Форум проводится по следующим номинациям:

**1. «Есть такая профессия»** (3 участника: 1 – на казахском, 1 – на русском, 1 – на английском языках) – конкурс презентаций профессий, востребованных и необходимых на рынке труда и экономике Казахстана.

**В работе должна быть представлены следующая информация:**

- история профессии, происхождение названия;
- чем привлекательна автору эта профессия (тема);
- содержание профессии;
- известные люди данной профессии;
- «плюсы и минусы» профессии;
- информация о востребованности профессии на рынке труда;
- сферы, в которых требуются люди этой профессии;
- дополнительная информация, полезные советы, самостоятельные исследования по данной тематике;
- используемые источники информации (книги, ссылки).

Требования к конкурсным материалам: количество слайдов – не более 8-и; размер файла – не более 5 МБ; формат – PowerPoint; на титульном слайде работы должны быть указаны: область, наименование организации образования, тема презентации, фамилия и имя автора (ов), класс, Ф.И.О. педагога-куратора, можно использовать в презентации звуковое сопровождение, фотографии; в презентации нужно сохранить единый стиль (цвет, шрифт – размер, начертание, выравнивание).

Конкурсные материалы направляются по электронной почте [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru): **до 10 марта 2022 года. Работы, не отвечающие требованиям Правил, рассматриваться не будут.**

**Критерии оценки:**

*актуальность информации, обоснование: (актуально, не актуально, мало актуально).*

*творческий подход к оформлению и подаче информации;*

*соответствие техническим требованиям;*

*соответствие темы и содержания выбранной номинации;*

*логичное и последовательное расположение информации;*

*раскрытие темы (полнота содержания);*

*наличие собственного мнения участников;*

*соответствие количества слайдов требованиям;*

*целесообразное распределение по слайдам текстовой и графической информации.*

**Защита проекта по данной номинации проходит в онлайн формате на платформе ZOOM 29 марта 2022 года. Время защиты – 3-5 минут.**

**2. «Время выбирать профессию»** (3 участника: 1 – на казахском, 1 – на русском, 1 – на английском языках) – конкурс видеовлогов (видеорассказ).

**Общие требования к Влогу:** к участию в Форуме принимаются видеоролики, направленные на раскрытие темы по выбору будущей перспективной профессии. Допускается использование футажей (footage) из свободно распространяемых библиотек, в качестве саундтрека музыки, а также музыки собственного сочинения.

Не допускаются ролики, пропагандирующие экстремизм, насилие, расизм, национализм, употребление алкоголя, наркотиков, курение, нарушающие каким-либо способом законодательство РК. **Работы, не отвечающие требованиям данных Правил, рассматриваться не будут.**

**Технические требования к видеоролику:**

*длительность ролика: от 3-5 минут;*

*соотношение сторон кадра: 16:9;*

*разрешение: HD, Full HD;*

*формат: MP4.*

Ссылка на 5-и минутный влог, размещенный на канале [www.youtube.com](http://www.youtube.com), направляется до **10 марта 2022** года по электронной почте: [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru)

**Критерии оценки:**

*соответствие ролика указанной теме;*

*содержание (должно быть упомянуто не менее 3-х наименований профессий);*

*техническая реализация: качество видеосъемки;*

*выразительность подачи материала (выразительные средства: графика, анимация, видео и аудиоэффекты);*

*соблюдение требований к продолжительности видео (не более 5 минут).*

*соблюдение формата видеоподготовки с квалифицированными специалистами: на видео присутствует как минимум один взрослый, который отвечает на вопросы.*

**3. «Моя профессия – мой бизнес», конкурс защиты проекта – бизнес плана.** Возраст участников 14-18 лет (2 участника: 1 – на казахском, 1 – на русском)

**Общие требования к проекту:** презентация не менее 8 страниц, размер файла – не более 5 МБ, на титульном слайде работы должны быть указаны: область, наименование организации образования, тема презентации, фамилия и имя автора (-ов), класс, фамилия, Ф.И.О. педагога-куратора. В презентации нужно сохранить единый стиль (цвет, шрифт – размер, начертание, выравнивание). **Работы, не отвечающие требованиям Правил, рассматриваться не будут.**

Состав и структура бизнес-плана: цель, задачи проекта, описание проекта, актуальность, стратегия проекта (сроки реализации), маркетинг, производственный, финансовый план, оценка рисков.

**Критерии оценки:**

*полнота раскрытия бизнес-идеи;*

*актуальность проекта для современного экономического развития страны;*

*структурированность и системность представленной информации;*

*учет рисков, продуманность планов;*

*наглядность и качество оформления.*

Конкурсные материалы направляются по электронной почте [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru): до **10 марта 2022** года

**Защита проекта по данной номинации проходит в онлайн формате на платформе ZOOM 29 марта 2022 года. Время защиты – 3-5 минут.**

**4. «Профессия – вчера, сегодня, завтра»** конкурс вайнов (2 участника: 1 – на казахском, 1 – на русском языках). На Конкурс предоставляются вайны (видеорассказ) - развлекательный видео-контент для социальных сетей по конкретной профессии.

Данная номинация предполагает наличие разных точек зрения к оценке профессии, использование исследовательских навыков: анализ статей в средствах массовой информации, анкетирование, опрос, интервьюирование др.

Общие требования к вайну: на Форум предоставляются Вайны - видеоролики обучающего и развлекательного характера, снятые (созданные) любыми доступными средствами, соответствующие тематике Форума. На конкурс не принимаются ролики рекламного характера, оскорбляющие достоинство и чувства других людей, не укладывающиеся в тематику конкурса.

**Требования к видеоролику:**

формат видео: MPEG4;

минимальное разрешение видеоролика – 720;

продолжительность видеоролика – до 3-5 минут;

видеоролики должны быть оформлены информационной заставкой с именем автора (название видеоролика, с общей длительностью видеоролика);

использование при монтаже и съёмке видеоролика специальных программ и инструментов – на усмотрение участника;

участники сами определяют жанр видеоролика (интервью, репортаж, видеоклип, мультфильм и т.п.);

В ролике могут использоваться фотографии.

**Работы, не отвечающие требованиям Правил, рассматриваться не будут.**

**Критерии оценки:**

*соответствие работы заявленной теме;*

*креативность видеоролика (новизна идеи, оригинальность, гибкость мышления);*

*информативность;*

*качество видеосъемки;*

*уровень владения специальными средствами;*

*эстетичность работы.*

В дистанционном формате предоставляется ссылка на 3-5-минутный вайн, размещенный на канале [www.youtube.com](http://www.youtube.com), включая текстовое описание, на электронную почту: [gumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:gumcdo_nto@mail.ru) до **10 марта 2022 года**.

15. Выполнение творческих работ по указанным номинациям является обязательным условием для каждой команды. Участие в каждой номинации обязательно. Один участник представляет не более одного проекта.

16. Итоги Форума, дипломы победителей, сертификаты участников, благодарственные письма руководителям победителей будут размещены на сайте [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) **8 апреля 2022 года**.

17. Представленные на Форум работы не возвращаются. Организаторы Форума вправе опубликовать материалы конкурса в СМИ с указанием автора.

**5. Подведение итогов Форума и награждение победителей**

18. Оценивает Конкурсные работы профессиональное жюри в соответствии с критериями оценки Конкурса по 10-бальной системе. Решение жюри окончательное и оформляется протоколом.

19. По итогам Форума члены жюри определяют победителей. Победители награждаются дипломами I, II, III степеней и призами, а руководители победителей – благодарственными письмами. Всем участникам Конкурса вручаются сертификаты об участии.

Приз направляется победителю по указанному в заявке адресу через службу доставки с уведомлением о вручении. К призу прилагается акт приема-передачи приза для подписи.



Получатель направляет сканированный акт приёма-передачи о получении приза с подписью, указанием Ф.И.О. и телефона, фото победителя с призом на электронную почту: gumcdo\_nto@mail.ru.

20. Электронные версии дипломов, благодарственных писем, сертификатов будут размещены на сайте www.ziyatker.org с возможностью скачивания. Телефон для справок: 8 (7172) 64-27-22.

## Приложение 1

### Заявка на участие в республиканском форуме «Открываем мир профессий»

Номинация	Название работы и ссылка на ютуб канал	Фамилия и имя участника	Дата рождения, класс	Адрес проживания, электронная почта, телефон участника	Организация образования	Ф.И.О. руководителя, адрес проживания, электронная почта, контактный телефон
Есть такая профессия						
Время выбирать профессию						
Моя профессия – мой бизнес						
«Профессия вчера, сегодня, завтра»						

Руководитель группы: (Ф.И.О., место работы, должность, мобильный телефон)  
\_\_\_\_\_ область

### Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын өткізу ережесі

#### 1. Жалпы ережелер

1. Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу ережесі оны өткізудің мақсатын, міндеттерін, форматын және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: музыкалық дарынды білім алушыларды, дарынды балалар ұжымдарын дамыту және қолдау, олардың шығармашылық белсенділігін, кәсіби бағдарлануын ынталандыру.

#### 3. Міндеттері:

жас музыканттардың эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне жеке қызығушылығын тәрбиелеу;

әр түрлі музыкалық аспаптарда балалардың орындаушылығын танымал ету, музыкалаудың ұжымдық нысандарын дамыту және жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыру, қоғамдық тану үшін мүмкіндіктерін кеңейту;

музыка өнері саласында балалар шығармашылығын дамытуды ынталандыру;

балалар музыка мектептері мен өнер мектептері оқушыларының кәсіби дайындық деңгейін арттыру;

классикалық, халықтық және заманауи музыкаға деген қызығушылықты дамыту.

4. Фестиваль-байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қашықтан өткізеді.

5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамдарын фестиваль-байқаудың ұйымдастырушылары қалыптастырады.

#### 2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі

6. Фестиваль-байқау 2022 жылғы 28 наурыз – 4 сәуір аралығында өткізіледі. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары 2022

**жылғы 10 наурызға дейін** ілеспе хатты [konkurs.muz@mail.ru](mailto:konkurs.muz@mail.ru) электронды поштасына жолдайды.

Хатқа қоса:

1) Фестиваль-байқаудың облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңінің жеңімпаздарына қатысуға өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А., туған жылы, сыныбы, оқу орны, тұрғылықты мекенжайы және білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме жіберіледі.

7. Фестиваль-байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздар жетекшілерінің алғыс хаттары **2022 жылғы 15 сәуірде** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

### **3. Фестиваль-байқауға қатысушылар**

8. Фестиваль-байқауға дербес балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің, сондай-ақ оқушылар сарайлары мен үйлері жанындағы музыка мектептерінің қазақ және орыс халық аспаптары (домбыра тенор, қобыз прима, қыл қобыз, жетіген, шертер, баян, аккордеон, домра, балалайка, гитара) бөлімдерінің білім алушылары – солистері және ұжымдары қатысады.

9. Қатысушылардың жалпы саны – 400 адам (*солистер, қазақ немесе орыс халық аспаптары музыкалық ұжымдары*).

Өңірден қатысушылардың жалпы саны тапсырысқа сәйкес болуы керек. Тапсырыс тіркеледі. Музыкалық ұжым құрамында 1 педагог қатыса алады.

### **4. Фестиваль-байқаудың шарттары мен тәртібі**

10. Фестиваль-байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

аудандық (қалалық);

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Фестиваль-байқау.

11. Фестиваль-байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) білім бөлімдері мен басқармалары басшыларының бұйрықтарымен айқындалады.

12. Республикалық конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1. Жеке орындаушы.**

**2. Музыкалық ұжымдардың өнер көрсетуі.**

Әр номинацияға қатысу міндетті.

13. Солистер төмендегі жас санаттары бойынша өнер көрсетеді:

1) кіші жас тобы – 7-10 жас;

2) орташа жас тобы – 11-13 жас;

3) ересек жас тобы – 14-17 жас.

**Қатысушылардың жасы ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша анықталады.**

13. Кіші жас тобына байқауға қатысушыларға қойылатын бағдарламалық талаптар музыка мектебінің III сыныптан, орта жас тобының IV сыныптан, жоғары жас тобының V сыныптан білім алушылар үшін бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс.

14. Музыкалық ұжымдардың өнер көрсетуі. Фестиваль-байқаудың музыкалық ұжымының құрамына жоғары сынып оқушылары қатысады.

Бұл ретте ұжымға қатысатын тұлғаларға, жоғары жас тобы солисті ретінде қатысуға рұқсат етіледі. Әрбір өңірден қатысушылардың жалпы саны тапсырыста белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

Музыкалық ұжымның құрамында дирижер немесе орындаушы (*концертмейстер*) ретінде **1 педагогтің қатысуына** жол беріледі.

15. Білім басқармасы [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған бейнематериалдың сілтемесін фестиваль-байқауды ұйымдастырушыларға [konkurs.muz@mail.ru](mailto:konkurs.muz@mail.ru) электронды поштасына жібереді.

Бейнеролик сапалы, тоқтаусыз жазылуы керек. Кіші және орта топ үшін бір сілтеме, ересек топ үшін екі турға екі сілтеме болуы тиіс, **бұл ретте бір қатысушының жұмысын бөлуге және «киюға» жол берілмейді.** Видеоны бірыңғай үздіксіз түсіруі, қатысушының алдыңғы жағынан беті, екі қолы көрініп тұруы керек.

16. Фестиваль-байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

#### 5. Фестиваль-байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

17. Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Фестиваль-байқауға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Сондай-ақ, «Сахналық шеберлігі үшін», «Жарық жұлдыз», «Өнерді сүйгені үшін», «Өртістігі үшін» номинациялары бойынша қосымша дипломдармен марапаттау қарастырылған.

Жүлде жеңімпазға немесе жеңімпаз ұжымның жетекшісіне тапсырылғаны туралы хабарламамен жеткізу қызметі арқылы өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі. Жүлдеге қол қою үшін жүлдені қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі.

Алушы жүлдені алынғаны туралы сканерленген қабылдау-тапсыру актісін қолымен, Т.А.Ә. және телефонын, жеңімпаздың жүлдесі бар фотосын көрсете отырып, [gumcdo.muz@mail.ru](mailto:gumcdo.muz@mail.ru) электронды поштаға жібереді.

18. Дипломдардың, алғыс хаттардың, сертификаттардың электрондық нұсқалары жүктеу мүмкіндігімен [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады. Анықтама телефондары: 8(7172) 64-27-32, 87011831666.

1-қосымша

Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауына қатысуға өтінім

#### СОЛИСТЕР

№	Қатысушының аты-жөні	Қатысушының мекен-жайы, индексi	Туған күні	Құралдың аталуы	Мектептен тыс ұйымның аталуы	Педагогтің аты-жөні, байланыстары	Концертмейстердің аты-жөні, байланыстары	Шығарма авторы	Туындының аталуы	Сілтемелер, өнер көрсету уақыты
кіші жас тобы										
1										
2										
3										
орташа жас тобы										
1										
2										
3										
жоғары жас тобы										
1								бірінші тур 1. 2. екінші тур	бірінші тур 1. 2. екінші тур	2 сілтеме (әр турға бір-бірден)

								3.	3.	
								4.	4.	
2										
3										

### Ұжымдар

№	ұжымға қатысушының аты-жөні	туған күні	ұжым жетекшісінің аты-жөні, байланыс телефондары	шығарма авторы	туындының аталуы	4 шығармаға 1 сілтеме
Қазақ халық аспаптар ұжымы (дар) (Балалар музыка мектебінің немесе өнер мектебінің аталуы, мекенжайы)						
1	Тапсырысқа сәйкес тізім					
Орыс халық аспаптар ұжымы (дар) (Балалар музыка мектебінің немесе өнер мектебінің аталуы, мекенжайы)						
1	Тапсырысқа сәйкес тізім					

**Ескертпе:** өтінімде көрсетілген қатысушылардың бағдарламасы мен тәртібі өзгертуге жатпайды.

2-қосымша

### Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауына қатысушыларды бөлу парағы

№	Облысы	Қатысушылар саны
1	Ақмола	22
2	Ақтөбе	24
3	Алматы	24
4	Атырау	24
5	ІШҚО	24
6	Жамбыл	24
7	БҚО	24
8	Қарағанды	24
9	Қостанай	24
10	Қызылорда	22
11	Маңғыстау	22
12	Павлодар	22
13	СҚО	24
14	Түркістан	24
15	Нұр-Сұлтан қ.	24
16	Алматы қ.	24
17	Шымкент қ.	24
	Барлығы	400

Ескертпе: әрбір өңірден қатысушылардың жалпы саны тапсырыста белгіленген нормалардан аспауы тиіс. Бұл ретте ұжымға солист ретінде қатысатын адамдарды қабылдауға тыйым салынбайды.

3-қосымша

### Байқаудың бағдарламалық талаптары ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

#### Кіші жас тобы (домбыра сыныбы)

2 күй (1 төкпе, 1 шертпе) 1 қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы сүйемелдеумен.

#### Орта жас тобы (домбыра сыныбы)

2 күй (төкпе, шертпе) 1 қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы сүйемелдеумен.

#### Ересек топ (домбыра сыныбы)

**1 тур:**

1. 2 күй (1 төкпе, 1 шертпе).
2. Виртуозды шығарма.

**II тур:** 1. Қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы.

2. Орындаушының таңдауы бойынша.

**Кіші жас тобы (прима-қобыз сыныбы)**

Түрлі сипаттағы **3** пьеса сүйемелдеумен, олардың бірі - қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы.

**Орта жас тобы (прима-қобыз сыныбы)**

Түрлі сипаттағы **3** пьеса сүйемелдеумен, олардың бірі - қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы.

**Ересек топ (прима-қобыз сыныбы)****1 тур:**

1. Міндетті түрде халықтық орындау стиліндегі пьеса (күй).
2. Аспапқа сәйкес өңделген халықтық әуен.
3. Шетел композиторының шығармасы.

**II тур:** 1. Кең көлемді шығарма (концерт).

2. Орындаушының таңдауы бойынша.

**Кіші жас тобы (қыл қобыз сыныбы)**

2 күй, 1 қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы сүйемелдеумен.

**Орта жас тобы (қыл қобыз сыныбы)**

2 күй, 1 қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы сүйемелдеумен.

**Ересек топ (қыл қобыз сыныбы)**

**1 тур:** 1. Екі түрлі сипатты күй (кварта, квинта құрылымымен).

2. Шетелдік композитордың шығармасы (сүйемелдеумен).

**II тур:** 1. Кең көлемді шығарма (концерт).

2. Орындаушының таңдауы бойынша (халық күйі).

**Кіші жас тобы (шертер сыныбы)**

1. Аспапқа сәйкес өңделген қазақ халық күйлері, қазақ композиторының әндері немесе шығармасы.

2. Шетел композиторының пьесасы.

3. Аспапқа сәйкес өңделген халық әуені.

**Орта жас тобы (шертер сыныбы)**

1. Аспапқа сәйкес өңделген қазақ халық күйлері, қазақ композиторының әндері немесе шығармасы.

2. Шетел композиторының пьесасы.

3. Халық әуенін немесе халық күйін өңдеу.

4. Виртуозды шығарма немесе концерт (I бөлім немесе II-III бөлім).

**Ересек топ (шертер сыныбы)****I тур:**

1. Аспапқа сәйкес өңделген қазақ халық күйлері, қазақ композиторының әндері немесе шығармасы.

2. Аспапқа сәйкес өңделген халық әуені немесе күйі.

3. Виртуозды шығарма.

**II тур:** 1. Концерт (I бөлім немесе II-III бөлім).

2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма немесе күй.

**Кіші жас тобы (Жетіген)**

**3** түрлі сипаттағы туындылар, олардың бірі қазақстандық немесе шетелдік композитордың шығармасы (1 шығарма – сүйемелдеумен).

**Орта жас тобы (Жетіген)**

**3** түрлі сипаттағы туындылар, олардың бірі қазақстандық немесе шетелдік

композитордың шығармасы (1 шығарма – сүйемелдеумен).

**Ересек топ (Жетіген)**

**I тур:** 1. Екі түрлі сипатты күй (кварта, квинта құрылымымен).

2. Шетелдік композитордың шығармасы (сүйемелдеумен).

**II тур:** 1. Кең көлемді шығарма (концерт).

2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма (халық күйі).

**ОРЫС ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ**

**Кіші жас тобы (баян, аккордеон сыныбы)**

1. Кантилена.

2. Қазақстан композиторының пьесасы.

3. Кең көлемді шығарма немесе өңделген халық әуені.

**Орта жас тобы (баян, аккордеон сыныбы)**

1. Виртуозды шығарма.

2. Полифониялық шығарма.

3. Кең көлемді шығарма немесе өңделген халық әуені.

4. Қазақстан композиторының пьесасы.

**Ересек топ (баян, аккордеон сыныбы)**

1-ші тур. 1. Виртуозды шығарма.

2. Полифониялық шығарма.

3. Қазақстан композиторының шығармасы.

**II тур.** 1. Өңделген халық әуені.

2. Кең көлемді шығарма, вариация, өңделген халық әуендері, концерттік пьесалар.

**Кіші жас тобы (домра класы, балалайка)**

1. Аспапқа сәйкес өңделген қазақ халық күйлері, қазақ композиторларының пьесасы немесе әндері.

2. XVII-XIX ғасырлардағы композитордың пьесасы.

3. Өңделген халық әуені.

**Орта жас тобы (домра, балалайка сыныбы)**

1. Аспапқа сәйкес өңделген қазақ халық күйлері, қазақ композиторларының пьесасы немесе әндері.

2. XVII-XIX ғасырлардағы композитордың пьесасы.

3. Өңделген халық әуені.

4. Виртуозды туынды немесе концерт (I бөлім немесе II-III бөлім)

**Ересек топ (домра класы, балалайка)**

**I тур:**

1. Аспапқа сәйкес өңделген қазақ халық күйлері, қазақ композиторларының пьесасы немесе әндері.

2. Өңделген халық әуені.

3. Виртуозды шығарма.

**II тур:** 1. Концерт (I бөлім немесе II-III бөлім).

2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

**Кіші жас тобы (гитара сыныбы)**

1. Классик композитордың шығармасы.

2. Қазақстандық композитордың шығармасы немесе гитараға сәйкес өңделген қазақ халық әндері, күйлері.

3. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

**Орта жас тобы (гитара сыныбы)**

1. Классик композитордың шығармасы.

2. Қазақстандық композитордың шығармасы немесе гитараға сәйкес өңделген қазақ халық әндері, күйлері.

3. Кең көлемді (халықтық тақырыптағы вариациялар, рондо, сонатиндер, сюиталар, т.б.).

4. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

**Ересек топ (гитара сыныбы)**

**I тур:** 1. Классик композитордың шығармасы.

2. Қазақстандық композитордың шығармасы немесе гитараға өңделген қазақ халық әндері, күйлері.

3. Виртуозды пьеса.

**II тур:** 1. Кең көлемді немесе полифониялық шығарма.

2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

**ҰЖЫМДАР**

Байқауда ұжымның өнер көрсету бағдарламасына әртүрлі сипаттағы туындылар, олардың бірі - Қазақстан композиторының шығармасы немесе өңделген қазақтың халық әуені енгізілуі тиіс. Фестиваль-байқауда кемінде төрт шығарма орындалады. Әр ұжымның өнер көрсету уақыты 15 минуттан аспайды. Ұжым құрамында дирижер немесе орындаушы ретінде бір педагог қатысуға құқығы бар.